

Қ.А.Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті


ОБСӨЖ

**Тақырыбы: Балалардағы өкпе
туберкулезі.**



Қабылдаған: Иманбетова Қ.А.
Орындаған: Елемесова С.
ЖМ 421

Кентау – 2017 жыл



Туберкулез (лат. *tuberculum* – төмпешік), бұрынғы мәліметтер бойынша: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм.




Шашыраңқы
Туб. белгісінің
виражы
Бал. туберкулезбен
улануының ерте түрі

Тыныс алу
мүшелерінің
туберкулезі

Басқа мүшелер мен
жүйелердің
туберкулезі

Жіктелуі



- **Өкпе туберкулезі.** Туберкулез ауруының барлық түрлерін бірге есептегенде оның 85-87 проценті өкпе туберкулезіне жатады. Бұл туберкулез ауруының ең басты тарау жолы ауа екендігін, ал микроб адамға осы ауамен тыныс жолдары арқылы кіріп өкпе ұлпаларына тоқтайтындығын көрсетеді.
- Туберкулез микробы әдетте өкпеге түскеннен кейін қозғалысы шамалы, ауа айналысы аздау келетін өкпенің оң жақтағы бөлігінің жоғары жағына келіп тұрақталады да бірінші ошағын құрайды. Бұл ошақ денесі шыныққан, қайратты денесінде иммунитеті бар адамның өкпе ұлпаларымен қоршалып, әктеліп, қатып қалады. Осындай қоршауда туберкулез микробы белгісіз уақытқа дейін ешқандай белгі бермей қала беруі мүмкін. Міне осы ошақты алғашқы байқаған ғалым атымен Гон ошағы деп атайды.




- Туберкулез әртүрлі басталады. Алғашында өкпедегі тыныс жолдарындағы микроб ұялаған жерлерде томпақшалар пайда болады. Олардың кейбіреуі құрып кетеді, ал кейбіреулері бірігіп, көлемі әртүрлі туберкулездық фокус құрайды. Микробтар осы фокустан тез арада лимфа жолдарымен өкпе түбіндегі бездерді шошындырады. Міне, туберкулездық фокус, қабынған лимфа жолдарымен ауырған без үшеуі алғашқы туберкулездық комплекс деп аталады. Бұл өкпе туберкулезінің ең бірінші түрі. Бұл адам еш қиналмайды өзінің ауру екенін де білмейді. Уақытында емделген алғашқы туберкулездік комплекс асқынбай, тез жазылады. Туберкулез ауруы әдетте адамның жиі-жиі «тұмаулап», мең-зең болып, дене қызметіне, жұмысқа селқостығы басталады. Тамаққа тәбеті тартпайды.


Показатели младенческой и материнской смертности (1 полугодие 2007-2008 гг.)

Наименование областей	Младенческая смертность на 1000 родившихся живыми		Материнская смертность на 100 000 родившихся живыми	
	2007 год	2008 год	2007 год	2008 год
Республика Казахстан	14,7	20,9	50,3	33,7
Акмолинская	11,7	20,2	35,5	16,7
Актюбинская	12,9	21,7	27,4	25,3
Алматинская	10,1	15,2	31,2	32,6
Атырауская	14,2	21,9	99,0	15,6
В-Казахстанская	16,0	23,3	55,6	16,6
Жамбылская	16,5	21,1	40,6	30,4
З-Казахстанская	14,9	18,0	21,0	93,9
Карагандинская	10,6	17,4	55,3	17,9
Кызылординская	19,7	20,4	60,1	68,2
Костанайская	14,3	17,3	33,7	15,8
Мангыстауская	19,6	20,6	115,1	82,3
Павлодарская	10,6	20,8	53,2	15,0
С-Казахстанская	13,0	19,8	73,8	46,6
Ю-Казахстанская	17,2	24,8	55,6	34,4
г. Астана	12,5	14,7	48,2	71,0
г. Алматы	13,8	21,8	32,3	11,4
Республиканские организации	27,3	29,2	73,9	61,5


- Туберкулез ауруының өзіне тән алғашқы белгілерінің бірі – дене қызуының көтерілуі. Ауру қатал басталғанда дене қызуы 38 – 39 градусқа дейін немесе одан да жоғары көтеріледі, ал жайлап басталғанда қызу көтерілісі шамалы болады да, әдетте 37,2-37,5 градус шамасында ұсталады. Көбінесе дене қызуы кешкі уақытта көтеріледі, ал дене қызуының таңертен көтерілуі сирек кезігеді. Дене қызуымен қатар туберкулезбен ауырғанда әр уақытта терлегіш пайда болады. Аурудың қатты басталған түрлерінде түнде қатты терлеу арқасында іш киімі және төсек орны су болып кетеді, бұл ауру адамды қатты шаршатады, әрі әлсіретеді








Аурудың айрықша белгілерінің қатарында науқастың салмағын тез жоғалтады, бұл аурудың аз тамақ ішуі және асқазанның жұмыс істеуі бұзылып, ішкен тамақтың сіңбей, нашар қорытуына байланысты болады.



Өкпе туберкулезінде өкпе тұсы шаншып ауырады және жөтел пайда болады. Аурудың алғашқы кездерінде аздап жөтеледі, ал туберкулездің созылмалы, өкпеде каверна пайда болған түрлерінде ұзақ жөтеліп, қақырығы көп бөлінеді.



Диагностика - при помощи рентгеновских и лабораторных методов.

Лечение проводится мощными антибактериальными препаратами. Однако в последнее время из-за массового самолечения (и по др. причинам) все чаще встречаются у стойчивые к антибиотикам микобактерии. Поэтому диагностикой и лечением туберкулеза должен заниматься врач-фтизиатр.

Профилактика.

Для детей – вакцина БЦЖ, которую прививают в роддоме. Для взрослых – флюорографическое обследование не реже 1 раза в год.


Кроме того важно соблюдать **правила личной гигиены**, например, мыть руки после поездки в общественном транспорте.



Мозг, глаза, лимфоузлы, половые органы, позвоночник, кости, кожа, почки.



- **Туберкулездің жұғу жолдары:** туберкулез ауруының халық арасында тарауы үшін барлық жұқпалы аурулардағы сияқты үш буынның болуы шарт. Олар: 1) жұқпалы ауру себепсіші немесе инфекция көзі, 2) жұқпалы микробын тарататын әртүрлі факторлар, 3) осы микробты қабылдағыш, сезімтал ағза. Егер осы буынның бірі болмай қалса, жұқпалы ауру таралмайды.
- Туберкулезді тарататын басқы себепкер – ауру адам. Бұлардың ішінде аса қауіптісі туберкулездың ашық түрімен, яғни сыртқа ортаға өз микробын шығаратын сырқаттар. Ал аурудың жабық түрімен (микроб шығармайтындар) ауратындар өз айналасына зиянсыз деп есептеледі.



Туберкулездың микробтары ағзаға тыныс алу органдары арқылы, ауру адаммен тікелей қарым-қатынас жасағанда, ауру адамның заттарымен пайдаланғанда және ас қорыту органдары арқылы жұғады. Туберкулезбен үй жануарларда ауырады, сондай-ақ үй жануарлардың сүтін дұрыс қайнатпай немесе етті шала пісіріп жегенде жұғуы мүмкін. Ауырған малдың зиянды әсері осындай малдарды соятын арнаулы қасапханада істейтін адамдар үшін өте айрықша. Қолдағы кішкентай жаралар арқылы өтеді, микробтар қанға түседі. Сондықтан қызмет бабымен мұндай еттерге көп араласатын адамдардың туберкулез ауруының жұғу және одан сақтану жолдары жайында толық мағлұматы болғаны жөн.



Rusderm.Ru




Туберкулездің алдын-алу шаралары

Туберкулезге қарсы арнайы шаралардың бірі – балаларға БЦЖ вакцинасын егу. БЦЖ вакцинасы бірінші рет нәресте дүниеге келгенде перзентханада жасалса, қайталап 6-7 жастағы 1-сынып оқушыларына егіледі. БЦЖ вакцинасы бала ағзасында туберкулезге қарсы иммунитет қалыптастырып, оларды туберкулездің өте ауыр түрлері – менингиттің және миллиарлы «жайылған» туберкулездің дамуы- на кедергі жасайды. Вакцина егілгеннен кейін туберкулезге қарсы иммунитет 2 ай шама- сында қалыптасады. Осы иммунитет қалып- тасу кезінде бала туберкулезбен ауыратын адаммен қарым-қатынаста болмауы тиіс. Бүгінгі таңда біз, дәрігерлер, бала тууды жоспарлы түрде жүргізу керектігіне кеңес береміз. Себебі, дені сау ата-ана ғана дүниеге дені сау ұрпақ әкеледі. Туберкулез тұқым қуаламайтын ауру және туа пайда болатын туберкулез өте сирек кездесетін жәйт (1 млн. нәрестеден 1-еу ғана).



- Егер әйелде бала көтеру жоспары болса, ол алдымен жұбайы екеуі туберкулезге тексерілуі қажет. Өйткені, екіқабат кезінде туберкулезбен ауыратын әйелде ауру өршіп, асқынады да, аурудың салдарынан өзіне және құрсағындағы ұрықтың жетілуіне де зиян келеді. Жүкті-ліктің бірінші жартысында баланың негізгі мүшелері қалыптасу кезінде екіқабат әйелді ауру белгісі болса да, туберкулезге рентген сәулесімен тексеруге болмайды. Екіқабат әйелді тек жүктіліктің екінші жартысында ғана туберкулезге рентген сәулесі арқылы тексеруге болады. Сонымен қатар, егер әйелде аурудың басқа да белгілерімен қатар, 2 аптадан аса жөтел болса және емдеу барысында жөтел сақталса, жедел туберкулезге оның қақырығы үш мәрте тексерілуі тиіс. Жүкті кезінде әйелде туберкулез анықталмаса, анасы босанғаннан соң тығыз қатынаста болатын жаңа туған нәрестеге туберкулез тез жұғады да, бірден бала туберкулезге шалдығады. Өйткені, нәрестеде туберкулезге қарсы туасылы иммунитет болмайды, туберкулез жұққан нәресте аурудың ең ауыр түріне шалдығады.
- Туберкулезге қарсы иммунитет жақсы қалыптасқан балалар туберкулез жұқтырған жағдайда аурудың жеңіл түрімен ауырады. Туберкулездің бұндай жеңіл түрін емдеп жазу да жеңіл.





**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!**